



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ІССАПАРЫ

ЖАЗИРАЛЫ ЖАРКЕНТ – ЖЕРДІҢ ҚҰТЫ

Жетісудың жерұйығы саналатын жазиралы Жаркент өңірінде атқарылып жатқан іс ауқымды. Өткен жылдың қорытындысы бойынша үздік аудан атанған өңірдің көрсеткіші биыл да көңіл тоғайтады. Бұған облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВТЫҢ ырысы артқан өңірге сапары барысында көзайым болды.

Айдар ҚАЛИЕВ

СУБСИДИЯ КӨЛЕМІ АРТТЫ

Өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқан аймақ басшысы әуелі тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Облыс әкімінің қабылдауына кірген 3 адамның біреуі «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша келгенін айтып, тұрғын үйге несие алу мәселесін көтерді. Екінші тұрғын әлеуметтік аз қамтылған отбасы екенін айтып, газ тегін қосылса деген өтініш білдірді. Үшінші тұрғын субсидия ала алмай отырғанын алға тартты. Қуантарлығы, тұрғындар көтерген 3 мәселе де шешімін табатын болды. Осыдан кейін халықпен кездесу жиыны басталды.

Аудандық Мәдениет үйінде өткен кездесуде Бейбіт Өксікбайұлы облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуы, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоба-жоспарларды таныстырып, аудандағы ілкімді істерді кеңінен баяндады.

– Панфилов ауданы – өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және логистика салаларын кеңенді дамытуға қолайлы, экономикалық әлеуеті жоғары өңір. Аудан облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлес қосып келеді. Ауыл шаруашылығы



саласында былтыр жалпы өнім көлемі 59,6 млрд. теңгені құрап, облыстағы үлесі 13,7% болды. Биыл 10 айда 46,5 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Оның ішінде мал шаруашылығы 21,5 млрд. теңге, өсімдік шаруашылығы 25 млрд. теңге. Аудан жүгері дақылдың өлkesi, облыстағы жүгерінің шамамен 55%-ы осы аймаққа тиесілі. Биыл 23,1 мың гектар жерге себілген дәндік жүгері толық жиналып, 182,5 мың тонна өнім алынды. Былтыр үзде еткенімдей, жүгеріге субсидия көлемі 10 теңгеден 12 теңгеге көтерілді, – дей келе жүгерінің

отанына айналған өңірдегі дикандарға жайдарман жаңалығын жеткізді.

Расымен, қазір дикандарға мемлекет бар жағдайды жасауда. Тек аянбай еңбек етсең болғаны. Мәселен, биыл ауданда орналасқан «Жаркент крахмал-сірне зауыты» өз қуатын 120 мың тоннадан 150 мың тоннаға дейін ұлғайтыпты. Сонымен қатар, Жаркент қаласында биыл 1,8 млрд. теңгеге күніне 120 тонна жүгері өңдейтін «KAZHSTAN YUZHENG TRADING» зауыты іске қосылды. Ондағы өнім мал азығы ретінде Қытай, Өзбекстан және

Иран мемлекеттеріне экспортталады екен. Мемлекет тарапынан аграрлық секторға қолдау көрсетіліп, субсидиялар, жеңілдетілген несиелер берілуде, аудан дикандары осы мүмкіндіктерді пайдаланып, Үкіметтің қолдауымен 512 млн. теңгеге 28 дана ауыл шаруашылығы техникасын сатып алған. «Кең дала-2» бағдарламасы аясында 31 өтінім бойынша 394 млн. теңгеге жеңілдетілген несиелер берілген. Жалпы жыл басынан ауданның агроөнеркәсіп саласына 1,9 млрд. теңге инвестиция тартылған. Бұл дикандар үшін керемет

мүмкіндік. Ендігі мақсат – өндірілген өнімді қайта өңдеу үлесін көтеру. Бұл жөнінде аймақ басшысы нақты тапсырма берілсе де тауарлы-сүт, ет, құс фермаларын салу және ауыл шаруашылық тауарларын өңдеу кәсіпорындарын ашу бағытында нақты шаралар қабылданабағанын айтып, аудан әкіміне тиісті басқармалармен бірлесіп, аталған жұмыстарды қолға алып, нақты жоспар құрып, жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

ҚАЙТА ӨНДЕУГЕ ҚАРҚЫН ҚАЗЕТ

Ауданның тағы бір әлеуеті – бау-бақша шаруашылығы. Облыс бақтарының 44%-дан астам алқабы жазиралы өңірде орналасқан. Десе де ауданда тек «КазГеоТерм» жылыжайы ғана жұмыс істейді. Ал 4,5 гектарда орналасқан «Sky Agro» ЖШС жылыжайының жұмысы тоқтап тұр. Өндірілген өнімді сақтауға арналған 8 қойма болса, оның ішінде «Валиев Аюпжан» шаруа қожалығының сыйымдылығы 7 мың тонналық заманауи қоймасын атап өтуге болады. Бұл жөнінде аймақ басшысы:

– Аудандағы шаруашылықтар тек жемісті өсіріп, сатумен айналысуда. Жеміс-жидек өнімдерін өңдейтін кәсіпорындар жоқ. Осы орайда, ауданда жаңа өңдеу кәсіпорындары мен қоймаларын салу жұмыстарын қолға алып, жылыжай шаруашылығын дамыту қажет. Сонымен қатар, «Жаркент Фрукт» серіктестігі қызметкерлеріне еңбекақы төлемегеніне бірнеше ай болған. Бұл мәселені жаңа жылға дейін шешуді тапсырамын, – деді.

Ауданда ветеринариялық қызметтің сапасын арттыру мақсатында соңғы 2 жылда 7 ауылда блокты-модульдік ветеринариялық пункттер орнатылып, автокөліктер сатып алынды. Жалпы, ветеринариялық қызметке жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді.

(Соңы 3-бетте)

ҚҰРМЕТ

ШАРУА еңбегі өлшеусіз


Адал еңбек етіп, елге таза әрі сапалы өнім ұсынып жүрген адал азаматтардың еңбегі өлшеусіз. Сондықтан жыл сайын Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің күні елімізде, облыста ескерусіз қалмайды. Ел дикандары мен шаруалары атаулы мерекеге биыл да зор табыспен жетіп отыр. Еңбек ерлерін облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ арнайы қабылдап, мерекемен құттықтады.

Еңдік КЕНЕБАЙ

Ауыл шаруашылығы – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігінің басты кепілі. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мемлекеттің ғана емес, фермерлердің алдындағы мандаты міндет. Осы міндетті мінсіз атқарған облыс шаруаларының мерейі артқан күнде аймақ басшысы:

– Биыл екінші жыл қатарынан ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен республикада Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің агрофорумы өтті. Бұл осы салаға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлініп отырғанын көрсетеді. Мемлекет басшысы фермерлерді қолдау, су үнемдеу технологияларын енгізу, заңсыз алынған және игерілмей бос жатқан жерлерді қайтару, агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру, терең өңделген өнім өндіріп, оны халықаралық нарыққа шығару және басқа да бағыттарды дамыту туралы кеңінен айтты. Біз облыста осы бағыттар бойынша тиісті жұмыстар жүргізіп келеміз. Агросубъектілерді қолдауға мемлекет тарапынан биыл 64 млрд. теңге қарастырылған. Осындай қолдаудың нәтижесінде облыста ауыл шаруашылығы өнімдерінің шықатын қайта өңдеу үлесі 68%-ға жетті. Ақсу қант зауыты күрделі жөндеуден өтіп, былтыр толық қуатымен өнім қабылдады. Ал Көксу қант зауытының қуаттылығы 2026 жылы 250 мың тоннадан 500 мың тоннаға жеткізіледі, – деді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



АГРАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ АЙМАҚ

Бағзыдан жеткен аңызға зер салсақ, Жетісу – жатып қалған тоқтысы жайылып жүріп мың болған, қадаған бір тал шыбығы тамырын жайып ну болған жерұйық мекен. Өзендер өрнектеген өлкенің бүгінгі тынысы да сол үрдісінен жаңылған жоқ. Алқабында егісі, бау-бағында жемісі жайқалып, өрісі төрт түлікке толы екенін дәлелдеп келеді. Осындай табиғи жағдайының қолайлылығы мен жер ресурстарының молдығы бұл өңірді еліміздің ең маңызды аграрлық аймақтарының бірі етуде.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Жетісу облысы болып құрылғалы бергі үш жылда экономикалық-әлеуметтік көрсеткіштер бойынша республикада алдыңғы үштіктен түспей келеміз. Облыстағы ауыл шаруашылығының негізгі бағыттары биыл да оң нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда, мемлекеттік қолдау шараларының кеңеюі, инвестициялық жобалардың іске асырылуы және жаңа технологиялардың енгізілуі

сала тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді. Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған қаржы көлемі де жыл сайын артып, саланы жандандыруда. Екінші жыл қатарынан Мемлекет басшысының қатысуымен республика көлемінде Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің агрофорумы ұйымдастырылып келеді. Бұл – аграрлық саланың ел экономикасындағы ролінің күшейіп, стратегиялық маңызға ие болғанының айқын дәлелі.

(Соңы 2-бетте)

МАЛ ҚЫСТАТУ

Қыс – қатал сыншы болса, мал қыстату – маңызды науқан. Сондықтан ауданның барлық аймағында жемшөп қоры жеткілікті дайындалып, қора-жайлар жөндеуден өткізілді. Дегенмен, сынағы көп мұндай қыста шаруаға ұқыпты қарау ғана өз нәтижесін беретіні анық. Қазір күздің соңғы айы. Қыс мезгілі келе жатқанын ызғарлы қара суықтан-ақ сезгендейміз. Күні ертең қаңарына мінетін «кәрі құданың» төбе көрсетері кәміл.

Жақсылық ИПМАН

Осы ретте Екіаша ауылдық округіндегі «Абишев Т.Б.» шаруа қожалығының жетекшісі Шолпан Смағұловамен әңгімелесіп, шаруаның жағдайын білдік.

Қожалықтың 648 гектар алқабының 224 гектары жайылым, 143 гектары шабындық, 281 гектар тәлімі егістік жері бар. Шаруашылық негізінен өсімдік бағытына бейімдел-

(Соңы. Басы 1-бетте)

АГРАРЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ АЙМАҚ

Форум барысында Президент фермерлерді қолдау шараларын кеңейту, су ресурстарын тиімді пайдалану, заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу, заңсыз иеленген немесе пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару, агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру, терең өңделген өнім өндірісін жолға қою, экспорттық әлеуетті арттыру, сондай-ақ мал шаруашылығы мен ветеринария саласының материалдық-техникалық базасын нығайту қажеттілігін атап өткен. Агросубъектілерді қолдауға биыл мемлекет тарапынан 64 млрд. теңге қарастырылған. Оның ішінде субсидия – 24 млрд. теңге, жеңілдетілген несие – 28 млрд. теңге, лизинг – 12 млрд. теңге. Айтылған міндеттер аясында аймақта жүйелі жұмыстар қолға алынып, бірнеше бағыт бойынша нақты нәтижелер көрсетілуде.

«Кең дала» бағдарламасы шеңберінде облыста 10 млрд. теңге бөлініп, көктемгі егіс жұмыстарына фермерлерден өтінім қабылдау басталды. Жеңілдетілген несие қолжетімділігі шаруалардың шығындарын азайтып, агроөнеркәсіп кешенінің тұрақты дамуына серпін беруде.

Биыл облыста ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы егіс көлемі 500 мың гектар болды. Оның ішінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар – 276,3 мың гектар, соның ішінде бидай – 87,6 мың гектар, арпа – 142,4 мың гектар, сұлы мен тары – 1,4 мың гектар, күріш – 0,95 мың гектар, жүгері – 42,2 мың гектар, басқа дақылдар – 1,75 мың гектарды құрайды. Егін шаруашылығында қант қызылшасынан басқа дақылдар толық жиналды. 279,9 мың гектарға себілген дәнді дақылдың орташа өнімділігі гектарына 27,3 центнерден айналып, 763,8 мың тонна астық бастырылды. Барлығы 106,5 мың гектар жерге егілген майлы дақылдардан 208,4 мың тонна өнім алынып, орта есеппен әр гектары 19,6 центнерден айналды. Сонымен бірге 15,2 мың гектар жерге көкөніс, бақша және картоп дақылдары өсірілді, оның 6,6 мың гектарына картоп отырғызылып 139,6 мың тонна, 8,6 мың гектарына бақшалық дақылдар мен көкөніс түрлері өсіріліп 263,6 мың тонна, барлығы 403,2 мың тонна өнім жиналды.

Қант қызылшасын өсіру аймақ үшін стратегиялық маңызы бар салалардың бірі саналады. Облыстың климаттық ерекшеліктері, су ресурстарының жеткіліктілігі және құнарлы топырағы бағалы дақылды өсіруге ерекше мүмкіндік береді.

Қант қызылшасы биыл 12,2 мың гектар жерге себіліп, оның 91,1%-ы жиналған. Сөйтіп, әр гектарынан орташа 391,2 центнер балтамырдан 433,3 мың тонна өнім алынған. Облыста қант қызылшасы өндірісіне де ерекше көңіл бөлініп отыр. Бағалы дақылды өңдеумен айналысатын қант зауыттары да аймақ экономикасына үлкен серпін беруде. Соның нәтижесінде қант өнеркәсібінің ішкі нарықты қамту үлесі біртіндеп өсу үстінде. Күрделі жөндеу жүргізілген Аксу қант зауыты толық қуатын көрсетіп, 450 мың тонна шикізат өңдеу мүмкіндігіне жетті. Ал Көксу қант зауытын жаңғырту жұмыстары жалғасып жатыр. 2026 жылға қарай зауыттың



ген. Жермен айналысады, нақтылап айтқанда бидай мен арпа себеді. Атакәсіпті, яғни мал шаруашылығын 2013 жылы «Сыбаға» бағдарламасы шыққаннан кейін қолға алған. «Кең дала» бағдарламасымен 5 пайыздық несие алып, Әулікөл тұқымды бұқамен басталған кәсіп қазіргі таңда герефорд тұқымды 100 бас Зеңгі баба түлігімен жалғасуда. Жоспарда мал басын көбейтіп, бордақылау ісімен айналысу тұр. 8 жұмысшы қызмет

атқаратын шаруашылық 20 гектар алқапқа жоңышқа сеуіп, қолдағы малдың қыстан қысылмай шығуына қам жасауда.

Өңірдегі барлық қожалықтың қарамағындағы малдарының қоңы жақсы. Қазіргі таңда төрт түлік малдан ризық-несібесін терген аудан шаруалары қыс қаңарын жеңу үшін ұйымшылдықпен еңбек етуде.


Сарқан ауданы



2025-2027 жылдарға арналған инвестициялық жобалар картасы бойынша жалпы құны 94,4 млрд. теңгені құрайтын 23 жоба жүзеге асырылады. Оның ішінде биыл 5,6 млрд. теңгенің 6 жобасы жұмысын бастап кетті.



Қант қызылшасы биыл 12,2 мың гектар жерге себіліп, оның 91,1%-ы жиналды. Әр гектардан орташа 391,2 центнерден балтамыр жиналып, 433,3 мың тонна өнім алынды.



Жеңілдетілген лизинг бағдарламалары арқылы облыс шаруашылықтары жыл сайын мыңға жуық жаңа техника мен жабдық сатып алып, техниканың жаңару деңгейі 6,4%-ға дейін көтерілді.



Облыста 49 ветеринариялық пункт пен бір стансы салынды. Биыл қосымша 17 блокты-модульдік пункт орнатылып, қызмет көрсету сапасы жақсартылды.



3 жылда пайдаланылмай жатқан 598,4 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылып, оның 422,1 мың гектары жаңа пайдаланушыларға қайта бөлінді.

өндірістік қуаттылығы 250 мың тоннадан 500 мың тоннаға дейін артып, 29 млрд. теңге көлемінде жеке инвестиция тартылмақ. Қазірдің өзінде кәсіпорын тәулігіне 1,7 мың тоннадан 2,2 мың тоннаға дейін шикізат өңдеуге мүмкіндік алып отыр.

2025-2027 жылдарға арналған инвестициялық жобалар картасы бойынша жалпы құны 94,4 млрд. теңгені құрайтын 23 жоба жүзеге асырылмақ. Оның ішінде биыл 5,6 млрд. теңгенің 6 жобасы іске асуда. Бұл жобалар су үнемдеу технологияларын енгізу, жаңа алқаптарды игеру және өндірістік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. 9 айдың қорытындысы бойынша салаға тартылған инвестиция көлемі 20,2 млрд. теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 1,7 есеге артқан.

Аграрлық сектордағы техникалық жарактандыру да жүйелі жүргізілуде. Жеңілдетілген лизинг бағдарламалары арқылы облыс шаруашылықтары жыл сайын мыңға жуық жаңа техника мен жабдық сатып алып, жаңару деңгейі 6,4%-ға дейін көтерілген. Аймақтағы қайта өңдеу саласы да қарқын алып, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу үлесі 68%-ға жеткен. Оның ішінде қант қызылшасы 100%, жүгері 45,4%, сүт 47%, майлы дақылдар 33%, дәнді дақылдар 22,8% көлемінде өңделіп отыр.

2025 жылға ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 478,2 млрд. теңге, нақты көлем индексінің 103% деңгейінде жоспарлау көзделіп отыр.

Су шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту – аймақ агро-секторы үшін маңызды бағыттардың бірі. Жоғарыда аталған мәселелерді шешу мақсатында жалпы құны 35,6 млрд. теңге болатын 11 нысанның құрылысы жүргізілуде. Бүгінгі таңда олардың бесеуі пайдалануға беріліп, қалғаны 2028 жылға дейін кезең-кезеңімен аяқталмақ. Бұл жұмыстардың нәтижесінде 5,3 мың гектар жаңа суармалы жер айналымға қосылып, 36 мың гектар алқап қалпына келтірілетін болады.

Мал шаруашылығының қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыру үшін ветеринариялық жүйені нығайту жалғасуда. Соңғы 3 жылда облыста 49 ветеринариялық пункт пен бір стансы салынған. Биыл қосымша 17 блокты-модульдік пункт орнатылып, қызмет көрсету сапасы жақсартылды. Сонымен бірге 377,4 млн. теңгеге 33 бірлік арнайы техника сатып алынған.

Жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі де бақылауда. Соңғы 3 жылда пайдаланылмай жатқан 598,4 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылып, оның 422,1 мың гектары жаңа пайдаланушыларға қайта бөлінді.

Бұл шаралар ауыл шаруашылығы айналымын кеңейтіп, өнім өндіру әлеуетін арттыруға мүмкіндік беруде. Бір сөзбен айтқанда, аграрлық салада жүзеге асырылып жатқан кешенді жобалар мен мемлекеттік қолдау шаралары аймақтың ауыл шаруашылығы экономикасын жаңа деңгейге шығарып, фермерлердің мүмкіндігін кеңейтуде. Асық агроөнеркәсіп кешені алдағы жылдары да тұрақты өсім көрсетіп, елдің азық-түлік қауіпсіздігіне үлесін арттыра бермек.

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ТҰРАҚТЫЛЫҚ пен ТАТУЛЫҚ мекені

Жер жаннаты Жетісуда конфессияаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылық жақсы сақталған. Әрине, бұл ең алдымен Қазақстан халқының ізгілік пен бейбітшілік құндылықтарын ұстануы, конфессиялар мен этностардың оң диалогы, дін саласындағы мемлекеттік саясаттың нәтижесі екенін атап өткен жөн.

Тұрақтылық пен татулықты одан әрі нығайтуға дін істері басқармасы да мұрындық болып отыр. Өңірде конфессияаралық келісімді сақтау, оны одан әрі нығайту мақсатында діни бірлестік жетекшілерінің клубы табысты жұмыс істеп келеді. Бұл алаң түрлі дін өкілінің бас қосып, өзекті мәселелерді бірлесе талқылауына мүмкіндік береді. Клуб негізінен екі бағыт бойынша жұмыс істейді. Оның біріншісі – «Діни бірлестік жетекшілерінің клубы» қызметін үйлестіру. Яғни, жыл ішінде «дөңгелек үстел», «Open Air» форматында және көшпелі форматта кездесулер ұйымдастырылады. Екіншісі – Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы мен басқа да маңызды стратегиялық құжаттарға сәйкес келетін «Салауатты рух» рухани және спорттық шараларды ұйымдастыру. Бұл бағыт аясында шағын футбол, үстел теннисі, ұлттық спорт ойындары, танымдық экскурсиялар, театрландырылған қойылымдар мен концерттер тамаша-

лау сынды шаралар қарастырылған. Сонымен қатар, мемлекеттік және Ұлттық, мерейтойлық мерекелерге орайластырылған, клуб мүшелерінің қатысуымен семинарлар, интеллектуалды ойындар, одан бөлек, облыс имамдары арасында қазақ күресінен байрақты бәсеке де өткізілді. Достық пен өзара сыйластыққа негізделген мұндай диалог алаңында талқыланатын кез келген маңызды мәселе оң шешімін табыры сөзсіз.

Облыстағы діни конфессиялар мен бірлестіктердің алуантүрлілігі, олардың арасындағы келісім мен ынтымақтастық еліміздің діни және мәдени байлығын көрсетеді. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары діни экстремизмнің алдын алуға және қоғамдағы дінаралық татулықты сақтауға бағытталған.

Темірлан АЙТБАЙ
Талдықорған қаласы

РУХАНИЯТ

АСҚАҚ ЖЫРДЫҢ ақибеті

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ұлт руханиятының ірі тұлғасы Илияс Жансүгіров халқымыздың тағдырын, табиғатын, мінезі мен болмысын поэтикалық биікте суреттеген бірегей акын. Биыл оның әйгілі «Дала» поэмасының жазылғанына 95 жыл толып отыр.

1930 жылы жазылған бұл поэма Илиястың шығармашылық шыңына көтерілген сәті әрі қазақ поэзиясында табиғат пен тарихты тұтастырған ерекше туынды. «Далада туған халықтың жаны да даладай кең» деген ақынның ойы осы поэма арқылы жарқырай көрінеді. «Дала» – кең сахараны тек табиғи көрініс ретінде емес, тұтас қазақ өмірінің символы, ел тағдырының айнасы кейпінде бейнелейді. Ақын туған жердің тауы мен тасы, өзені мен шөбі арқылы ұлттың мінезін, өткеннің ерлігін, болашағының үмітін өрнектейді.

Бүгінгі таңда «Дала» поэмасы тек әдеби ескерткіш емес, ұлт болмысының көркем айғағы. Жас ұрпақ Илияс Жансүгіровтің осы туындысынан туған жерге деген сүйіспеншілікті, табиғатты аялау мен отаншылдық рухты сезінеді. Құлагер ақынның «Дала» поэмасы қазақ поэзиясының мәңгілік мұрасы, даладай кең, сарқылмас бай жырдың ерен үлгісі.

Жанар РАЙХАНОВА,
Құрақсу ауылдық кітапханасының кітапханашысы
Ақсу ауданы



Балпық би ауылының экobelсенділері «Таза бейсенбі» акциясын өткізді. Оған жергілікті халық театрының актерлері және «AMANAT» партиясының еріктілері мен мүшелері қатысты.

ҚОҚЫСТАН тазартылды

Олар Кеңес Одағының Батыры Мұсабек Сенгірбаев атындағы орталық саябақты қоқыстан тазартты. «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық жобасы басталған сәттен бастап облыстағы елді мекендерден 13 мың тонна қатты тұрмыстық қалдық шығарылды. Сонымен бірге 150-ге жуық табиғи полигон жойылды.

– Мәдениет саласының қызметкерлері туған өлкенің экологиялық ортасын жақсартуға үлес қосуды ұйғардық. Егер еліміздің әрбір тұрғыны шағын Отанды абаттандыруға атсалысатын болса ұрпаққа тамаша табиғатты тарту етеміз, – дейді Көксу ауданының тұрғыны Бағлан Жүнісов.

Балпық би ауылдық округі әкімінің орынбасары Руслан Балғабаевтің айтуынша, округ бойынша 2 925 жапырақты және 265 қылқан жапырақты ағаш отырғызылған. Іс-шаралар апта сайын өтеді. Бұған қоса, оннан аса стихиялық полигон анықталып, олардың бәрі қазір жойылған.

А. БЫРАЙ
Көксу ауданы

ТАБИҒАТ-АНАНЫ аялайық

Табиғат – өміріміздің тірегі, ал оны қорғау әрбір адамның күнделікті міндетіне айналуы тиіс. Өкінішке қарай, соңғы жылдары орман өрті мен қоршаған ортаның ластануы табиғатқа зор зиян келтіріп отыр. Бұл апаттар тек экожүйені бұзып қана қоймай, жануарлар тіршілігіне, ауа сапасына және адам денсаулығына тікелей әсер етеді.

Орман өрті көбіне адамның немқұрайдылығынан туындайды. Құрғақ шөптің үстіне тасталған темекі қалдығы немесе өшпей қалған от бір сәтте үлкен өртке ұласуы мүмкін. Сондай-ақ ормандағы шыны бөтелкелер күн сәулесін линза сияқты жинап, өзілдінен от тұтандыруы да ықтимал. Яғни, қарапайым көрінетін ұқыпсыздық үлкен апаттың себебі бола алады. Сондықтан табиғат аясында серуендегенде әрбір от ошағын толық сөндіріп, қауіпті заттарды қалдырмау міндет.

Қоқыс тастау мәселесі де экологияға елеулі зиян келтіреді. Пластик пен шыны ыдыстар ондаған жылдап шірімей, топырақты ластан қана қоймай, жануарлардың өміріне қауіп төндіреді. Егер әр адам өз қоқысын жинап кетсе, табиғаттың тозуы күрт азаяр еді. Бұл тазалықтан бұрын болашақ ұрпаққа қиянат жасамау үшін қажет.

Табиғат-ананы аялау кішкентай ғана әрекеттерден басталады. Өрт қауіпсіздігін сақтау, қоқыс тастамау, орманды таза күйде ұстау – бар болғаны бірнеше ереже, бірақ олардың пайдасы орасан. Біз қоршаған ортаны қорғасақ, табиғат та бізге таза ауа, мөлдір су және тыныш өмір сыйлайды.

Руслан НОҒАЙБАЕВ,
«Қапал орман шаруашылығы» КММ-нің Аксу Арасан 2-ші шеберлігінің 11 айналымының орман күтушісі

ЖАЗИРАЛЫ ЖАРКЕНТ – ЖЕРДІҢ ҚҰТЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Көктемнің әр күнін жылға азық санайтын жұртшылық үшін жер мәселесі өзекті. Сондықтан облыс әкімі бұл мәселеге кеңінен тоқталып, жер – халық қазынасы екенін айтып, пайдаланбай жатқан жерлерді қайтаруды, қайтарылған жерлерді конкурс пен аукцион арқылы әділ және заң шеңберінде табыстауды тапсырды. Айта кетейік, 2022-2025 жылдары пайдаланбай жатқан 60 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылыпты. Бүгінге қайтарылған жердің 54 мың гектары айналымға қосылған. Оның 22 мың гектары фермер қожалығымен айналысамын деген азаматтарға берілсе, 32 мың гектары ауданның барлық ауылдық округіне қоғамдық жайылым ретінде бекітілді. Қайтарылған жердің 6 мың гектары фермер қожалығымен айналысамын деген азаматтарға конкурс арқылы 2026 жылдың 1-ші жартыжылдығына дейін беріледі.

АУДАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТӨРТ ТҰҒЫРЫ

Облыс әкімінің айтуынша, ауданның өнеркәсіп саласында биылғы 10 айда 12,7% өсіммен 28,6 млрд. теңгенің өнімі өндірілген. Жыл соңына дейін өнім көлемін 31,5 млрд. теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда. Бұған ауданның толық мүмкіндігі бар. Бір өкініштісі, Қытаймен көршілес аймақта жатқан инвестициялық тұрғыдан аса тартымды өңір бола тұра өнеркәсіптегі өндіру көлемі жағынан облыстағы үлесі небәрі 9%-ды құрайды. Облыс әкімі аудан басшылығына өңдеу саласын арттыруға ерекше көңіл бөлуді жүктеді.

Аудан аумағында төрт негізгі экономикалық даму нүктесі бар «Қорғас» торабы орналасқан. АЛҒАШҚЫСЫ Алтынкөл теміржол стансысы биылдан бастап жаңа экспорттық парк және Алтынкөл – Жетіген учаскесінде қосымша жолдар салу арқылы жаңғыртылуда. Осы жобаларды іске асыру Алтынкөл стансысын өткізу қабілетін тәулігіне 20-дан 33 пойызға дейін, Алтынкөл – Жетіген учаскесінің өткізу қабілетін тәулігіне 18-ден 33 пойызға дейін арттыруға мүмкіндік береді. ЕКІНШІСІ «Нұр Жолы» өткізу пункті – Қазақстан мен Қытай арасындағы басты автокөлік шекара өткелінің өткізу қабілетін арттыру, көлік ағынын оңтайландыру және цифрландыру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Биыл «Нұр Жолы» өткізу пункті аумағында ірі габаритті көліктерге арналған ұзындығы 2,4 шақырым айналма жолдың құрылысы аяқталып, қазіргі таңда абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Аталған жолмен тек ірі көліктер ғана жүріп қоймай, жеңіл көлік құралдарын «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығына» бағыттау жоспарлануда. Бұдан бөлек, бельгиялық SARENS халықаралық компаниялар тобының жеке қаражатына «Нұр Жолы» өткізу пунктінің аумағындағы екінші айналма жолы және ірі жүк автокөліктеріне арналған уақытша сақтау қоймасы мен жинақтағыш салу жұмыстары басталыпты. «Нұр Жолы» өткізу пунктіне жақын маңда Қорғас–Алматы республикалық автомобиль жолының бойында «Каусар Карго» компаниясының (Қытай) халықаралық автовокзал мен сервистік орталық салу жобасы іске асырылуда. ҮШІНШІ «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» облыс әкімдігінің теңгеріміне өткеннен кейін орталықта ауқымды жұмыстар атқарылған. Толық ревизия жүргізіліп, бұрын жұмыс істемей тұрған нысандар іске қосылған. Электр және кәріз қамтамасыз ету жүйелері жаңғыртылып, газдандыру жүргізілуде, ішкі және кіреберіс инфрақұрылым айтарлықтай жақсартылыпты. Барлық басқару және өткізу процестері толық цифрландырылып, Face ID жүйесі енгізілді. Нәтижесінде «Қорғас» шекара маңы ынты-

СҰРАҚ ЖАН-ЖАҚТЫ, ЖАУАП САЛМАҚТЫ

Алмалы ауылының тұрғыны Серікбай МҰҚАЕВ:

– Алмалы – 3600 тұрғыны бар қазақы ауыл. Ауылдағы 3 көше асфальтталды, 4 көшеге жарықтандыру жасалды. Амбулатория салынды. Енді 1982 жылы салынған мектебімізді жасап берсеңіздер. Сонымен қатар, 1970 жылы салынған поштамызға жөндеу жұмыстары жүргізілсе. Тағы сұрақ – келесі аптадан бастап жүгеріні қабылдамай ма және әр үйге газ тегін қосыла ма?

– Ауылдағы 620 балаға арналған мектепте 800 бала оқиды. Ол мәселе кезекте тұр. Келесі жылы бюджетке өтінім беріледі. Поштаға қаржы республикалық бюджеттен бөлінеді. Біз хат жазамыз. Газ үйдің іргесіне дейін тегін қосылады. Ары қарай өздеріңіз қосасыздар. Ал жүтері қабылдауда ешқандай қиындық болмайды.

Айдарлы ауылының тұрғыны Жұмаділ БИЖАНОВ:

– Ауылда 1 мың гектарға бақ егілген. Өкінішке қарай, суға жарымағандықтан 500 гектар жеріміз құрап кетті. Біз Көктерек өзенінен су қоймасын салуды сұраймыз.

– Біз зерттеп, зерделеп алдағы уақытта бір шешімін шығарамыз.

Сарыбел ауылының тұрғыны Серік БЕЙСЕНБІ:

– 2500 халық тұратын ауылымызда ауызсу тапшы. Бұл мәселе шешімін таба ма?

– Бұл мәселе басты назарда. Қазір жобалық-сметалық құжаттары дайын, Мемлекеттік сараптамадан өтті.

Көктал ауылының тұрғыны Сайлау СҰЛТАНҚҰЛОВ:

– Келесі жылы Желтоқсан көтерілісіне 40 жыл. Осыған орай ауылымыздағы Ләззат Асанова көшесіне жөндеу жұмыстары жүргізіле ме?

– Шешім қабылданды, жөнделеді.

мақтастығы халықаралық орталығы» заманауи инфрақұрылымы бар, сауда мен инвестицияны дамытуға бағытталған тиімді алаңға айналды. ТӨРТІНШІ «Қорғас–Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы. Аймақта бүгінгі күнге дейін екі мыңға жуық жұмыс орнын ашқан, 63 млрд. теңгенің 32 жобасы іске асырылған. Бұдан бөлек, 2032 жылға дейін тағы 34 жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл туралы ерекше атап өткен облыс әкімі:

– Халықаралық әріптестік негізінде жүзеге асырылып жатқан бірқатар жобаларды атап өтсем, Қазақстан – Қытай халықаралық өнеркәсіптік қаласы» компаниясының индустриялық паркінің, «Envision KKS» компаниясының жел генераторлары мен энергия сақтау жүйелерін шығаратын зауыт, сондай-ақ, «SKYHANSA» компаниясының халықаралық жүк және жолаушылар әуежайының құрылысы жүргізілуде. Бұдан бөлек, ауданда тағы бірнеше жобалар іске асырылуда. Мысалы, шекара маңы аумағындағы көлік-логистикалық және сауда инфрақұрылымын дамытуға бағытталған «Жібек жолын дамыту жөніндегі халықаралық компания (Шығыс қақпасы)» серіктестігінің, «SILK WAY ENERGY LTD» серіктестігінің сұйытылған газды өндіру, сақтау және тарату, сондай-ақ, құс шаруашылығы саласындағы «Jarkent Qus» серіктестігінің жобасы жасалуда, – деді.

320 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

Келесі кезекте облыс әкімі ауданның туристік әлеуетіне тоқталды. Ауданда 28 туристік нысан жұмыс істейді, онда биылғы жылдың 1-ші жартыжылдығында 18 мың келушіге қызмет көрсетіліпті. Бұл ішкі және шетелдік туристердің аймаққа деген қызығушылығының артуын көрсетеді.

– Алматы өңірінен демалушыларға Алматы–Қорғас автожолымен келуге қолайлы жағдай жасалған. Сонымен қатар, биыл Сарыөзек–Көктал облыстық маңызы бар автожолы жөнделіп, Талдықорған жақтан келетін туристерге жағдай жақсарды. Ауданда Жаркент мешіті, Әулиеағаш, сондай-ақ, Керімағаш пен «Жаркент–Арасан» шипажайлары сияқты туризмді дамытуға қолайлы жерлер болғандықтан туристер ағынын көбейтуге болады, – деген облыс әкімі туризмді одан әрі қарқынды дамыту мақсатында облыста туризм басқармасы, Панфи-



● Суреттерді түсірген Жеңіс ЫСҚАБАЙ ●

жыл соңына дейін газға қосылады. Қалған 13 елді мекенде ауылға дейін жеткізуші газ құбырының құрылысы биыл аяқталып, келесі жылы ауылшіндегі газ тарату желілері жүргізіледі. Нәтижесінде келесі жылдың соңына дейін ауданның 114,3 мың тұрғыны немесе 85%-зы табиғи газға қол жеткізе алады.

ЖОЛ САПАСЫ ҚУАНТАДЫ

Аудан аумағынан өтетін республикалық маңызы бар автомобиль жолдарынан былтыр Жаркент–Қорғас жолы жөнделіп, пайдалануға беріліпті. Биыл Көнбе асуындағы көпірді, Көктал ауылынан Алматы–Қорғас жолына шығатын 15 шақырым жолды және Сарыөзек–Көктал бағытындағы 68 шақырым (110-178) бөлігін жөндеу жұмыстары толық аяқталған. Қоңырөлең және Ақжазық ауылдарындағы учаскелер абаттандырылып, жарықтандырылды. Сондай-ақ, биыл облыстық маңызы бар жол саналатын Жаркент – Сарыбел жолының 4 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген болса, Басқұншы ауылына кіреберіс жолдың күрделі жөндеу жұмыстары келесі жылы аяқталмақ. Жол құрылысы бойынша аймақ басшысы:

– Аудан тұрғындарының сұрауы бойынша 2023 жылы Ынталы ауылының кіреберіс жолына (11,8 шақырым) 2,4 млрд. теңгеге күрделі жөндеу жұмыстарын бастадық. Биыл асфальт төселіп, бімеді, келесі жылы абаттандырылып, қабылданатын болады. Бұдан бөлек, 3 елді мекеннің 8 көшесін жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге Басқұншы ауылындағы 2 көшенің жөндеу жұмыстары аяқталды. Жаркент қаласы мен Әулиеағаш ауылының ішкі көшелері келесі жылға өтпелі. Жалпы, 2025 жылы Панфилов ауданындағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуге, сондай-ақ күтіп-ұстауға 3,5 млрд. теңге бөлінді, – деді.

Ал білім беру саласында былтыр «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Жаркент қаласында 1200 орынды мектеп пайдалануға берілсе, биылғы жаңа оқу жылында Талды ауылында 300 орынды орта мектептің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Сұңтай ауылында 120 орынды мектеп салынууда, келесі жылы жаңа оқу маусымында қолданысқа беріледі. Әулиеағаш ауылындағы орта мектепке күрделі жөндеу жүргізілді. Ауданның денсаулық сақтау саласында соңғы 2 жылда 18 нысан салынып, үшеуі жөндеуден өтті. Мәдениет саласында биыл Тұрпан ауылдық Мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, тамыз айында қолданысқа берілді. Спорт саласында өткен жылы Үшарал ауылында 90 орынды спорттық кешен және Көктал ауылында «Қазақстан Халқына» қоғамдық қоры есебінен спорттық кешен қолданысқа берілді.

Бұл шаралардың барлығы аудан халқының әл-ауқатын арттырып, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған. Жиын соңында облыс басшысы орынбасарларына аудан әкімі және тиісті басқармалармен бірлесіп, бөлінген бюджет қаражатын уақытылы, сапалы игеруді, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы орын алған кемшіліктерді жою жөнінде нақты шаралар қабылдауды тапсырды. Сұрақ-жауап кезеңінде тұрғындар өтініші арна тауып, облыс әкімі тарапынан қолдау табатыны ескертілді.

Панфилов ауданы

АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

Гүлжайнат Батырбекова Жаркент қаласындағы Б. Момышұлы атындағы орта мектеп ғимаратын күрделі жөндеу мәселесін көтерген болатын (3,2 млрд. теңге). Жоба облыстың даму жоспарына сәйкес 2027-2028 жылдары іске асырылатын болады.

ловты қосқанда 5 ауданда туризм бөлімі ашылғанын жеткізді.

Ауданда тұрғын үймен қамтамасыз ету өзекті мәселе, себебі үй кезегінде тұрған азаматтар саны жыл сайын артуда. Кездесуде осы жылдың

24-ші мамырынан кезекке қою және тұрғын үй беру функциясы жергілікті атқарушы органдарынан Отбасы банкіне өткені, енді тұрғын үйлер осы банк арқылы берілетіні айтылды. Ауданда кезекте 8 111 адам тұр. Мәселені шешу мақсатында кезек-кезеңімен нақты шаралар қабылдануда. Былтыр ауданда құрылыс қарқынды жүріп 620 пәтер және жеке тұрғын үй қолданысқа берілмек. Биыл жыл соңына дейін 320 пәтер және жеке тұрғын үйді тапсыру кезделген. Аталған үйлер Отбасы банкі арқылы кезек-кезеңімен беріліп, тұрғын үй кезегі 4%-ға қысқартатын болады. Ауылды жерлерде әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларға тұрғын үйлер салу жұмыстарын жалғастыру мақсатында Шолақай ауылында 373 жер учаскесінде инженерлік желілердің құрылысы жүргізілуде, келесі жылдың тамыз айында аяқталмақ.

Халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі бойынша 40 елді мекеннің барлығы сумен қамтамасыз етілген. Жиделі ауылына биыл жергілікті бюджеттен қаражат бөліп, ауызсу тартылған. Қырыққұдық және Шолақай ауылдарында су құбырларын жаңғырту жұмыстары да аяқталды. Ал Керімағаш ауылында жұмыстар биыл басталса, келесі жылға өтпелі Сарыбел және Үшарал ауылдарында ауызсудың сапасын жақсарту мақсатында жобалары әзірленіп, 2026 жылы қаржыландыру үшін республикалық бюджетке өтінім берілді.

Облыс тұрғындарын көгілдір отынмен қамтамасыз ету бойынша 40 елді мекеннің 26-сы өңірлік газдандыру схемасына сәйкес газдандыруға жатады. Бүгінде Жаркент қаласы толық газдандырылса, қалған 25 елді мекенді газдандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Аймақ басшысының айтуынша, 12 елді мекен

Ақынбаба Үсенұлы маңдайалды маңмаңгер мұғалім, ұлағатты ұстаз еді. Жетпісінің жылдары бізге орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген ұстазымыздың ол кезде жанып тұрған жас жігіт шағы. Болмысы, тұлғасы қайран қалдыратын. Үтіктелген костюм-шалбар, ақ жейде, көз тартар галстугі, шаң жұқпайтын аяқкиімі, тап-таза жүретіні ерекше еліктіріп тұратын. Киіміне бір тал қылыштық та ілінбейтін, тазалыққа деген талабы таңғажайып жан болатын. Сабақ үйрету әдіс-амалы көбінесе еркін әңгімелесу арқылы өтетін. Өзімізше орыс тілінде сөйлеп кететін едік. Оқушылардың әрқайсысының жеке басына қатысты мән-жайға, балалық қылығына көп мән беретіні біз үшін өте әсерлі есте қалатын.



1977 жылы жаздың тамылжыған бір күні, оқудан жазғы демалысқа елге бет бұрдым. Орта Теміртіннің жайлауындағы әкемнің інісі Токтархан ақсақалдың ауылына сәлем беріп шықпақ болдым. Таулы өлкенің ну орманды қарағайлы асуымен келе жатып, құлағыма жеткен ерекше дауыстан кілт тоқтап қалдым. Тау-тасты күңіренге ән салып келе жатқан ғажайып көрініс тура көз алдымда жақындай берді. Жал-құйрығы төгілген көк аттың үстінде домбырамен ән салып келе жатқан жігіт ағасы көзіме оттай басылды. Аттың басын бос жіберіп, тізгінді ердің қасына орай салған. Астындағы жануардың өзі еш үрікпестен әнге ұйып, домбыраның үнімен тыныстап келе жатқандай әсер етті. Қандай ғажап көрініс! Тамылжыған табиғат. Жалы жер сүзген сымбатты ат, үстінде үйлесімділікті үлгі еткен, даланың күңіренген келбетін күмбірлеген домбыра дауысымен ұштастыра ән салған сал-серінің бейнесі. Тамашалап таңырқап тұра бердім. Ән шарықтап келіп, домбыраның қағысымен баяулап барып оқтады.

Біреу айтса, осы көрініске сенуім екіталай еді. Десе де, осындай далалық сал-серілердің жұрнағындай әсер ететін көрініске Бұлғын өлкесінің халқы етене таныс. Сонымен, сол күнгі көрініс сағат жарымға созылған ашық әңгімемен тамам болды. Көкейімде «ұстазымыздың жаны серілікке құмар, өмірге деген тыныс-тіршілігі өзгеше жан екен-ау» деген ой қала берді. Бір адамның жан

сыры, сөз мәнері, әңгімесі біреу үшін өмірдің бір көрінісін ашып, көкейдегі көзқарас, сезімді оята тып кетеді екен ғой. Өнеріне таңдай қаға таңырқап айтып отырған ардақты жан 1940 жылы Моңғолияның Бай-Өлке аймағындағы Сұмынында дүниеге келген Ақынбаба Үсенұлы еді. Моңғолия астанасы Уланбатырдағы Пушкин атындағы мемлекеттік пединститутта орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын оқып, өмір жолы ұстаздықпен өткен, «Моңғолия оқу-ағарту ісінің үздігі», Моңғолия халық өнерпаздарының республикалық байқауының «Алтын медаль» иегері, екі дүркін дипломанты, Моңғолия Аудармашылар одағының, Моңғолия Журналистер одағының, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, шетелдегі қазақ диаспорасының қайраткері бұл күнде сағынышқа айналды.

Әрбір пенде өзіне етене жақын есінде қалған жандарды өмір бойы ұстазы ретінде сыйлап, еңбегі мен өнегесін үлгі тұтып өтетіні рас. Ақынбаба ұстазыммен екінші рет ашық әңгімеміз университетте 3-курста оқып жүрген кезімде Уланбатыр қаласында болды. Басында мені біраз қағытпалап сөйлетуге ерекше көңіл бөлді. Үш сағаттан астам болған әңгімеде өзі де өмірден көрген-білгені



мен көңілге түйгеніне көп тоқталды. Ашығына келсек, Кеңес одағы тарап, коммунистік партия тактан түсетінін болжап әңгіме де айтты. Адам мен адам, адам мен үкімет, сауатты білікті адам мен сауаты төмен құлшыныс қылықтары жоқ жандар туралы, олардың бір-біріне деген сенімі жоқтығы, билік пен қара халық арасындағы алшақтық жайында біраз пікірталас ойларын бөлісті. Бұл ол кезде үш адам бас қосқан жерде айтыла бермейтін жабық әңгіме еді. Бірақ басталған әңгіме бізді біраз сыр шертуге жеткізді. Маған: «Тұлғанда бір бөлек жалын бар екен, адамға тым сене берме, олар басқаға бұрып орға жығып кетеді. Сенің аккөңіл, адалдығыңды бала кезіңнен білемін. Әкең Сәкең марқұмның көптеген дара қасиеті, парасаттылығы, сабырлылығы бойыңа дарып, өсейін деп тұрған ұл болыпсың. Аман жүр, адал жүр!» – деген ескертпені алғаш рет Ақынбаба ұстазымнан естігенім күні бүгінге дейін есімде.

Өкінішке қарай, Ақынбаба Үсенұлының адамдардың тағдыр тауқыметіне деген адалдығы, тұрасын айта салатын өр мінезі, қоғамға, елге деген көзқарасы көптің қолдауына ие болмай, тағдыр тауқыметін көп көрсетті. Партияның пәрменімен білім басқармасы қызметін аудан, ауылдардағы орта мектептерге жиі ауыстырып отырды. Оған себеп әрбір заманның дәуірлеп тұрған тұсындағы биліктің жасаған жүйесі және оны орындаушы шенді-шекпенді жандардың жолға қоюы мен қарапайым халықтың ұстаным сауаттарына тікелей қатысты болса керек-ті.

Міне, сіздің тағдырыңыздың шешуші кілті де осында. Коммунистік жүйе біздің ұстазымыздың өмір жолындағы тағдыр тауқыметі ол кісінің талантты тағылымына, асау мінезіне шектеу қойғанымен талғамы, тұлғасы, тұла бойының тұнығына тосқауыл қоя алмады.

Ақынбаба Үсенұлы ел есінде «Тура биде туған жоқ» дегендей адалдығымен, сезімталдық ой-санасы ерте оянған озықтар қатарындағы қасиетімен қалды. Ақынбаба ағамыздың оқушылардың, тіпті мұғалімдердің, жалпы адамдардың көзқарас құлшынысын оятып, біліктілік-қабілетін ашуға үлкен ықпал ете алған тәлімдік кеменгерлігі ел есіне енді түсіп жатқаны да өтірік емес.

Ұлтының қамын ерте ойлап, шеттегі аз қақтың болашағын атажұртында көргісі келген арманын хатқа түсіріп, көшіріп алуға ықпал етуін сұрап жетпісінің жылдарда Дінмұхаммед Қонаевқа Моңғолия қазақтарының атынан хат жолдағанын Ақынбаба ағамыздан естіген едік. Отанымызға келгеннен кейін бір-екі рет қана кездестік. Бір жолы: «Моңғолиядан келген қазақтар туралы шынайы мағлұматты егжей-тегжейлі жеткізіп айтуың да дұрыс болар» деп ұсыныс айтты. Ол кезде жеке кәсіппен шұғылданып жүрген кезім еді. Бұл да болса ол кісінің қандай заман болса да өзінің әділеттіктен алыс кетпейтін жан екенінің бір дәлелі. Шынайы шындықпен өмір сүру ниетінен туындаған ой-пікірі еді.

Естелігіме осындай біртуар азаматтың әке-шешесі жөнінде де бірауыз қоса кетсем. Ұстазымыздың әкесі Үсен ата өмірден ерте өтті, біз көрмедік. Асыл жары Бәкіт басқа ауылдың қызы болды. Ал анасы Бибі апамыздың мінезі қатал, жанары өткір, кірпіяз, сәнқой, өте ауқатты бай адамның қызы еді. Шапан, камзол, белдемше, көйлектерінің матасы, тігілген үлгісі көне заманнан жалғасып келе жатқаны байқалатын. Киім киісі, жүріс-тұрысы бөлекше еді. Үйінде күміс, алтын бұйым көп, өте ауқатты отбасы. Көне күміс тенгелер апамыздың кімешегі мен кеудешесінде тағулы жүретін. Нағыз алтынмен апталып, күміспен қапталған ертоқымы, өмілдірік, құйысқан, жүгендері көз жауын алатын. Таспалы қамшы, өрмелі арқан, жүген, оюлы, оюсыз ағаш ыдыс көне бұйымдар да баршылық. Оларды бабымен ұқыпты ұстайтын. Бұл үйде ел аңыз ғып айтып жүретін келіскен екі көк ат болды. Соның бірін күміс ер жадығымен ерттеп мініп шыққан кезі көз алдымда. Тіпті, ел аузында сол көрініс біразға дейін әңгіме болғаны да есімде. Ақынбаба ағамыздың Керейі пұшпақ тымағы мен зерделі шапанын киіп, күміс белбеу, саптама етік, үкілі домбырасын қолға алып сахнаға шыға келгенінің өзі бір ғажап еді! Орындайтын әніне берілетін соншалық, домбыраның құлағын елді еліктіре бұрағанда сал-серілердің сазды әуендерін шыққайтынын білетін халық тына қалатын. Мінеки, білікті ұстаз, ұлтжанды тұлға, Біржан мен Ақан серілердің сарқытындай Алтайдың арғы бетінде аңызға тұрарлық өмір кешіп, 1993 жылы атажұртқа қоныс аударып, 1997 жылы аңсап жеткен атақонысы Жетісу жерінде мәңгілік мекеніне кеткен Ақынбаба Үсенұлының қысқаша айтқандағы өмір жолы осы.

Құрметбек САНСЫЗБАЙҰЛЫ,
шәкірті, ҚР Журналистер одағының мүшесі

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

САЛҒЫРТТЫҚ САН СОҚТЫРАДЫ

Облыста жылыту маусымы басталғалы бері өрттен туындайтын төтенше жағдай оқиғасы 18%-ға төмендеген.

Мамандар мұны тұрғын үй секторында жүргізілетін белсенді профилактикалық жұмыстармен байланыстырды. Жылдың суық мезгілінде қауіпсіздікті арттыру үшін аймақта 2025-2026 жылдарға арналған өрттің алдын алу жоспары жұмыс істейді. Онда рейдтер, халықпен кездесулер, мектеп оқушыларына арналған сабақтар және «Абайлаңыз, улы газ!», «Оттан сақтаныңыз!», «Балалардың абайсыздығы» сынды түсіндіру акциялары қарастырылған. 15 тамыздан 1 қазанға дейін облыста өрт қауіпсіздігі айлығы өтті.

Ал 22 қазаннан бастап ол ҚР Премьер-Министрінің тапсырмасы бойынша республикалық деңгейде жалғасты. Бастамаға төтенше жағдай департаменті, прокуратура, полиция, коммуналдық және әлеуметтік қызметтердің қызметкерлері қосылды.

Жетісуда 137 мыңнан аса жеке тұрғын үй және 8 мыңға жуық әлеуметтік осал отбасылардың үйлері есепте тұр. Оларды қорғау үшін улы газдың қауіпті шоғырлануына әсер ететін газ датчиктерін орнату мәселесі пысықталуда.

Десек те, аймақта улы газбен уланудың бір жағдайы тіркелді. Онда 3 бала зардап шегіп, өрт кезінде 2 адам жарақат алды. Өртке қарсы жұмыстар тұрақты бақылауда болады.

Айгүл БАЙЖҰМАҚЫЗЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ Қоғамдық тыңдаулар

«Қазақстандық өнеркәсіптік «Дайсен» компаниясы» ЖШС Жетісу облысы, «Көксу ауданының аумағында орналасқан «Далабай» алтын кен орнын игеру үшін тау-кен жұмыстары жоспарының жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасына жоба бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алу туралы материалдарға (ӨББ, РЕШН, ҚББ, ҚОҚЖ) қатысты ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Уәскенің географиялық координаттары: 44°30'57.00" с.е. 77°54'5.00" ш.б.; 44°31'29.00" с.е. 77°53'54.00" ш.б.; 44°31'45.00" с.е. 77°54'24.00" ш.б.; 44°31'39.00" с.е. 77°55'13.00" ш.б.; 44°30'59.00" с.е. 77°55'43.00" ш.б.; 44°30'21.00" с.е. 77°54'48.00" ш.б.

Тыңдау 2026 жылдың 6 қаңтар күні сағат 12.00-де Жетісу облысы, Көксу ауданы, Айнабұлақ стансысы, С. Рамазанова көшесі, 17 «А», әкімдік ғимараты мекенжайы бойынша өтеді. Өзіңізбен жеке куәлік болуы қажет.

Қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы онлайн режимде де қолжетімді болады. Онлайн тыңдауға қатысу үшін келесі сілтеме арқылы жоспарланған конференцияға қосылыңыз: <https://us06web.zoom.us/j/84100462780?pwd=H5h2epSUwb3K3uyfET8Zy7nD9gALgw.1>

Конференция идентификаторы: 841 0046 2780 Кіру коды: 291526 Тапсырыс беруші – бастамашы: «Қазақстандық өнеркәсіптік «Дайсен» компаниясы» ЖШС, Z05T2P4, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 55/6 үй, 69 пәтер, 241240024630, Ботанов Бахтыбек Сансызбайұлы.

Жобаны әзірлеуші: «ЭкоОптимум» ЖШС, Астана қаласы, Бауыржан Момышұлы даңғылы, 12, «Меруерт-Тау» бизнес орталығы, 202-кеңсе, тел.: 8 7017287850.

Бырыңғай экологиялық портал және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтемелер: <https://ndbecology.gov.kz>; <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/contacts?lang=kk>.

Жергілікті атқарушы органның электрондық және пошта мекенжайы: Жетісу облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй.

Ескертулер мен ұсыныстар жазбаша немесе электрондық түрде Жетісу облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26-үй, электрондық пошта: prroda@zhetysu.gov.kz, тел.: 8 (7282) 32-92-67 мекенжайларына қабылданады.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарландыру қазақ және орыс тілдерінде «Жетісу» телеарнасында және «Jetisý» газетінде таратылатын болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ Общественные слушания

ТОО «Казахстанская промышленная компания «Дайсен» проводит общественные слушания в форме открытого собрания в отношении материалов (НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ) для получения экологического разрешения на воздействие по проекту «План горных работ для разработки золоторудного месторождения «Далабай», расположенного на территории Коксуского района области Жетісу».

Территория, на которую может быть оказано воздействие: область Жетісу, Коксуский район, Айнабұлакский с.о., ст. Айнабұлак. Географические координаты участка: 44°30'57.00" с. ш. 77°54'5.00" в. д. 2: 44°31'29.00" с. ш. 77°53'54.00" в. д. 3: 44°31'45.00" с. ш. 77°54'24.00" в. д. 4: 44°31'39.00" с. ш. 77°55'13.00" в. д. 5: 44°30'59.00" с. ш. 77°55'43.00" в. д. 6: 44°30'21.00" с. ш. 77°54'48.00" в. д.

Слушания состоятся 6 января 2026 года в 12.00 по адресу: область Жетісу, Коксуский район, станция Айнабұлак, ул. С. Рамазанова, 17 «А» здание акимата. При себе необходимо иметь удостоверение личности.

Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе ZOOM. Для участия в слушаниях онлайн необходимо пройти по ссылке на запланированную конференцию: <https://us06web.zoom.us/j/84100462780?pwd=H5h2epSUwb3K3uyfET8Zy7nD9gALgw.1>

Идентификатор конференции: 841 0046 2780 Код доступа: 291526 Заказчик инициатор: Товарищество с ограниченной ответственностью «Казахстанская промышленная компания «Дайсен», Z05T2P 4, Республика Казахстан, г. Астана, район Нұра, проспект Тұран, дом №55/6, квартира 69, 241240024630, Ботанов Бахтыбек Сансызбаевич.

Разработчик: ТОО «ЭкоОптимум» г.Астана, проспект Бауыржан Момышұлы, 12, БЦ «Меруерт-Тау», офис 202, тел.: 8 7017287850.

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: <https://ndbecology.gov.kz>; <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-natural/contacts?lang=ru>.

Электронный и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу, город Талдықорған, улица Кабанбай Батыра, № 26.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме по адресу: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу, Талдықорған, улица Кабанбай Батыра, №26, prroda@zhetysu.gov.kz, 8/7282/32-92-67;

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языке будет распространено следующими способами: телеканал «Жетісу», газета «Jetisý».

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ
Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.


Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28. Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.



Кезекші редактор: Дастанбек САДЫҚ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, “Алматы – Болашақ” АҚ филиалы “Офсет” баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 1180

«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы — 10 170, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 6070. Индексі — 65469.